

Е.Ж. Масанов

МЕДИАМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА БІРЕГЕЙЛІКТІ ІЗДЕУ

Соңғы жылдары мемлекетіміздің тарапынан мәдениет құрылысына және оның мәселелеріне деген назар күшейе түскені байқалады. Бұл мемлекетіміздің және ұлтымыздың мәдениетін көтеру көкейкесті мәселеге айнала бастағанын білдіреді. Еліміздің тәуелсіздік алуының нәтижесінде халқымыздың рухани түлеуі мәдениет құрылысы саласында алдымызға жаңа міндеттер қойды. Соған орай алдымызда медиамәдениетімізді дамыт және жаңа бірегейлікті іздеу, білім мен ғылым саласын өркендету, әдебиет пен өнерді жандандыру жолында ауқымды жұмыстарды атқару ісі тұрған еді.

Қазіргі кезде «жаһандану» - Либерал-прогресивті ойдың барынша үлгілі сөзі болып табылады. Дегенмен, егерде бұл сөздің объективті мағынасы мен мәніне қарайтын болсақ, оның қарапайымдылығы бізді таңқалдыратын болады. Шын мәнісінде, зерттеушілер ХІХ жүз жылдықтың басында, нарықтық өркениеттің алмасуынан қалыптасатын, бір тұтас әлемдік кеңістік жайында жазды. Англиядағы тігін машинасының пайда болуы, Индиядағы миллиондаған тігіншілер үшін тоқырауна алып келді; Франциядағы республикалық идеяның туындауы шығыс монархиясының тағына қауіп төндіріп, ал Кеңес заманында желтоқсаншылардың қозғалысына серпіліс берді.

«Әлеуметтік теңсіздікті жақтайтын құндылық – басқалардың бақтсыздығына құралатын антигуманистік ойдың пайда болуы, абсолютті эгоизмді тудыратын әлеуметтік-психологиялық келеңсіздік («Мен барлығына қарсы»). Шынайы өмірде ол тікелей қатігез, адамгершіліксіз қатынастың шарықтауымен байланысты. Және де бұқара мұндай қатерден сақталмаған» [1]. ХХ ғасырдағы жаһандану үрдісімен қатар белең алған бұқаралық, медиамәдениет шарықтау шегіне жетіп кей жерлерде, кей кезде төртінше емес бірінше билікке айналып отырған сәттері де болды. Осы өркениеттің жаһандану үрдісіне есігін айқара ашқан мемлекеттердің бірі қазақ елі болды. Медиамәдениет өндірістері: музыка, мультфильм және кино сияқты дүниелерді тауарға айналдырушы монополистер үшін, ең басты құндылық – капитал болды. Капитал жинауға ұмтылған олигархтар үшін, қалтасын толтыру ең негізгі қозғаушы күш болды.

“Медиа (латынша “media”, “medium” – құрал, сарапшы, аралық немесе ақпараттық) – термині алғашында, ХХ ғасырда “көпшілік” мәдениет феномендерін көрсету үшін енгізілген. Ал “медиамәдениет” түсінігіне нақтырақ тоқта-

латын болсақ, ол мемлекет пен қоғамды, билік пен әлеуметті байланыстырушы болып табылатын, ақпараттық қоғамның ерекше мәдени үлгісін көрсету үшін енгізілген, мәдениеттің заманауи теориясының туындысы” [2]. Медиамәдениетті – қоғамдық сананың қалыптасуына және тұлғаның әлеуметтенуіне түрткі болатын, тарихи-мәдени даму барысында адамзатпен жасалып, өңделген материалды және интеллектуалды құндылықтардың, ақпараттық-байланыстырушы құралдарының жинақталған негізі ретінде анықтауға болады. Сонымен қатар, медиамәдениет құрамына ақпараттандыру мәдениеті мен ақпаратты қабылдау мәдениеті қосылады; ол медиа және т.б. құралдар арқылы білімді игеріп, медиа шығармашылығымен әрекеттесуге, медиамәтінді бағалап, талдап, игеру және даму деңгейінің жүйесін көрсетеді.

«Идентивтілік» ұғымы (лат. *identificare* – сәйкестендіріу, кейінгі лат. *Identifico* – сәйкестендіремін) әр алуан, көпқырлы және амбивалентті. «Иден» этимологиялық түбірі латынның «*idem*» сөзінің мағнасымен осы күнге дейін байланысты бола отырып, идентивтілікпен нақты адамның, ұлт, мемлекет, аймақтық тіпті тұтас өркениетпен қатысты түсіндіріледі» [3]. Идентивтілік бүкіл жеке адам өмірі мен мәдениетімен байланысты бола отырып, оның мәдени көзқарасымен дүниетанымында көрініс табады.

Осы көзқараста заманауи дәуір не қосты? Тек кейбір сапалы параметрлері: ақпараттық аумақты қоса отырып, оның диапазоны кеңейіп, қарым-қатынас жылдамдығы болмаған қарқынмен өсті. Заманауи ақпараттық революция біздің түсінігімізді қаншалықты таңырқатқанымен, әлемдік өркениеттік алмасуды анықтайтын, ұғымның мәніне, ол көб емес өзгерістерге алып келді. Қазіргі кездегі НТР, дәуірлік жетістіктерге қатысты, сценцизмнің сенсациясы, тексеріп карағанда, европалық модерннің туындаған бақылаушыларға тән, түбірлі өзгерістер ықпалымен салыстырғанда өте қарапайым болып шықты.

Егерде, біз жаһандану жаңалықтарын басқа қырынан, біздің өркениетіміздің адамгершілік және саяси құндылықтары мен мәдениетке қатысты субъективті қырларын бағалайтын болсақ, мүлдем нәтиже алмаймыз. Жаһанданудың жасырын-құпия жағының мәні, барлық жергілікті құндылықтар, әдептер мен дәстүрлерден жүйелі тазарту бағытымен анықталады. Мәселен, егерде модерннің бастауында, ұлы

европалық ұлтын қалыптасуында, жергілікті феодалдылыққа ұлтың-мемлекеті біртұтас супер этникалық кеңістігі қарсы тұрса, ал ендігі кезекте, бұл мемлекеттің өзі жергіліктің мұрагері ретінде үшіншілікке айналды.

Кімдермен үшіншілікке айналады? Заманауи элиталармен – экономикалық, саяси, интеллектуалдылық. Бүгінгі таңда элита болып және өзінді элита ретінде іске асыру дегеніміз – бұл өзінді ұлттық құндылықтар мен ұлттық ұстанымдар бағытынан өзінді тәуелсіз қылу дегенді білдіреді.

Зерттеушінің тұжырымы, өзінің ұлтына, еліне және мемлекетіне қызмет етуді міндеттейтін, саяси және азаматтық этикамен ешқандай ортақ байланысы жоқ, «жабық халықаралық клубта» өзінің кәсіби этикасымен, «күпия көпұлтшылық» жайындағы ойы ретінде, айтарлықтай күмәнді болып табылады.

Сонымен қатар, «жаһандану дәуірі», «пост-индустриалдық дәуір», «ақпараттық дәуір» және «постмодернизм дәуірі» сияқты ұғымдармен синоним болғандықтан, - тарихшы және саясаттанушы, әлеуметтанушы және мәдениеттанушылардың күнделікті қолданысан енгендіктен, оны ара-жігін ажырату керек.

«Жаһандану» теориясын, әлемнің жаңа тәртібі ретінде қарастырған идеолгтардың ішінен, ұзақ жылдар бойы АҚШ-тың сыртқы саясатын анықтап отырған, американдық әлеуметтанушы З. Бжезинскийді ерекшелеп айтуға болады.

Ол, «әлемдік жаңа саяси билік жүйесі» жайында көп зерттей келе. Төмендегідей тұжырымдарды келтіреді:

«Ұлтшылықтар және коммунистер саяси құралдармен жерұйықты (утопия) жасаймыз деген кезінде, адамзаттың жоғары деңгейлі үлгіде өзімізділігін көрсетті. Мүмкін, біз бұдан да жоғары өзімізділіктің табалдырығында тұрған шығармыз, бірақта бұл саяси қағидаға сай емес, кездейсоқ шығатын өзімізділік. Ол аз бақыланып және өте динамикалық болады. Ол анықтайтындар... адамзат тұлғасын өзгертіп және жасап, жақсартатын, ғылымның өсіп отыратын мүмкіндіктерін қолдануды көрсетеді. Бұлардың бәрі адамдар арасындағы қатынастардың жаңа дәуірін айқындайды. Жасанда интеллект және адамзаттың синтезі, миды ауыстыруды... Нәтижесінде, өмірдің органикалық жағдайындағы теңсіздік емес... табыс теңсіздігінен тыс көрініс табатын, өмір жағдайында жаңа теңсіздіктер пайда болуы мүмкін» [4].

К. Поппердің ізін жалғастыра отырып, американдық меценат Джордж Сорос, оны төмендегідей кешенді қарастыра отырып, өзінің жобасын «Еркін қоғам» деп атады. «Экономикалық іс-әрекет өмірдің барлық саласына

еніп..., көркем өнерлік, моралдық құндылықтар ақшалық көріністе айқындалуы мүмкін. Бұл нарықтық механизмнің принциптерін, өнер, қоғамдық өмір, саясат және дін сияқты алыс саладығы қатынастарға қолдануға мүмкіндік береді... Нарықтық механизмнің қозғалысының ауқымы шеткі шегеараға дейін таралады...» [5]. 1992 жылдың 26 қарашасында ақпараттандырудың халықаралық форумы, «жаңа ақпараттық-ғарыштық өркениеттің ақпараттық-кәрезді бірлестігінің біртұтас әлемдік локалды-бөлшектелген ақпараттық конвенциясын» қабылдауы, бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың біріне айналды. Онда ақпараттық «еркін» қоғамға тағыда бір көзқарас ұсынылады: «Ақпараттық қоғамда адамдарды жұмысшылар, егіншілер, интеллигенцияға, қызметкерлерге және т.б. бөлу жоқ: ұлттық және нәсілдік белгілер бойынша бөліну жоқ: барлық адамдар – еркін ақпараттық жеке тұлғалар.

Ақпараттық қоғамда «заң шығарушы», «орындаушы билігі» «сот билігі» жоқ... Әлем және ғалам шар бойынша тек бірақ билік бар – ақпараттық билік, ал жоғарыда көрсетілген «биліктер» тек қызыметтік міндеттерді іске асырады...

Ақпараттық-кәрезді қоғамда бірінші шегара, ал екінші мемлекет (қазіргі кездегісі) жойылады. Жер ғаламшарын уақыт өте келе өзінің біртұтас елі деп атай бастайды.

Ақпараттық еркін қоғамда бір тұтас құрылымға, ақпараттық-кәрезді территориялық өзін-өзі басқару қабылданады. Сотта – бұл бірнеше ондағаннан бастап 20 мыңға дейінгі халқы бар территория... Сотта арасындағы адамдар өздерінің арасында, уақытылы және жеткілікті ақпарат, радиотелекоммуникация негізінде өзара әректесіп отырады... Қоғамның әрбір мүшесі үшін ақпараттық желі, әрбір соттағы жоғарғы құндылықты әдеп пен тәртіптің қайнары, өзің қамтамасыз етудің, өзің бақылаудың, өзің ұйымдастырудың, өз тәртібінің, ақпараттық ресурстардың қайнары болып табылады.

Ақпараттық қоғамда қоғамдық тәртіптің жергілікті құқық қорғаушылары қызмет етеді. Іс-жүзінде ол барлық мүмкін әлеуметтік ауытқушылықтарды бақылап отырады, немесе барлық қоғамда қауіпсіздік, барлық қоғамдық-соталарды және әрбір жеке тұлғаны білімдендірудің, қызмет етуі мен дамуы барысында, уақыт өте келе «қорғау» түсінігі өз мәнін жоғалтады.

Ақпараттық қауіпсіздікке – тұлға, жанұя және қоғамның жүз пайыз деп айтуға болатын қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз ететін, жоғарғы биологиялық және инфрақызыл лазерлік микро құралдар, электрониканың микробиологиялық элементтері жатады.

БҰҰ және олардың әскерлері (3-5 жылдағы алғашқы біртұтас әлемдік ақпараттық қоғамның қалыптасуында) нақты рөл ойнайтын болады, ал сосын... БҰҰ ақпараттық логикалық қуаты бүкіл аумақты қамтитын... тораптың ақпараттық логикалық ресурстарымен тұтасады».

Көбүлтты мемлекеттің бірге өмір сүру мәселесі жаһандандудың ең маңызды мәселесі болып табылады. Бұл жағдайды бір зерттеушілер «апокалипсистиң белгісі», басқалары – «жаңа Вавилон» деп түсіндіреді.

А. Генис өзінің «Вавилондық мұнара» эссе-сінде бұл үрейлерді «ежелгі сюжеттің зұлым баяндамасы» дегенмен сонымен қатар, «құрылыстың геометриясы өзгеруде: шашылынқы вертикалдың орнына, жинақы горизонтал келуін» атап көрсетеді. Мәдениет саласындағы «жаһандық төңкеріс» идеясын дамыта отырып, Генис «дәстүр және жаңашылдықтың» диалектикалық бірлігін айқындайды: «Библияда Вавилондық мұнара жайындағы әңгіме алғашқы тарихты қортындылайды. Бұл оған, архаика топырмен аяқталатындай – постиндустриалдық мәдениет өзінің ұмтылысындағы кері қозғалысындағы, сәтті анықтайтын асулы кезең ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Көрсетілгеннен басқа, мұнда қалтарыс мәні бар: тіл тек адамдарды бөліп қана қойған жоқ – тіл адамды бөлді. Аристотелдің классикалық анықтамасына сәйкес, сөз – ақыл-парасаттың репрезентациясы. Бұл дегеніміз, ол барлық адамға емес, тек оның саналы, парасатты бөлігіне ғана сөйлеуге мүмкіндік береді.

Тіл – адамға әлемді өзгертуге көмектесетін алғашқы еңбек қаруы, алғашқы машина. Логикалық операцияларды біз үшін жене отырып, ол адамға қызмет етумен қатар, оны құлдандырады. Вавилондық апат – тілге шамадан тыс сенім артудың жазасы. Сондықтан жаңа мұнара, тек вербалдыдан тыс мәдениетті сыйлауды үйренетін, әлемде ғана өсуі мүмкін. Кейде тілсіз келісім жасау оңай». Арықарай: «Вавилондық мұнара – «үлкен ертегі», болашаққа төңкерісті ұмтылыс. Сондықтан оның құрылысшылары мұрадан - өзінің алғашқы өткен мәдениетінен бас тартуына байланысты, ол аяқталусыз қалды.

Өзіміздің өткен тағдырымызды қайталамау үшін, постиндустриалды мұнара тек индустриалды емес, сонымен қатар сезімдермен бөлшектенбеген, архаикалық мәдениетпен құрылуы керек» әрине ашық тақырып, дегенмен назар аударуды талап етеді.

К. Леви-Стросс айтқандай, екі ойлау типі – алғашқы және заманауи – грамматиканың екі түріне сүйенеді. Олардың біреуін қолдануына байланысты, адам көне немесе заманауи әлемде өмір сүреді. Генистің ойы бойынша, постиндус-

триалды мәдениеттің мақсаты, екі грамматикадан үшіншіні жасау болып табылады. Үрей және қорқынышқа байланысты тоқталатын болсақ, «ғаламшарлық өркениет» - күштілердің әлсізге, дамыған индустриалды қоғамның дамымағанға, «бірінші әлемнің», «екінші әлемге» қарсы, Батыстың Шығысқа қарсы агрессия, эволюциялық ойлауға тән қарапайым колониализм жалғасы деп есептеуге бізді мәжбүрлейді.

Алайда, «өтпелі» кезеңнің негізі ретінде постмодернистік жағдайдың, постмодернистік мәдениеттің, постмодернистік философияның көптеген зерттеушілерінің сәтсіздігінің себебі осында.

Алайда, өтпелі кезең әрқашанда, мәні, ереже бойынша жаңа аңызды іздеумен байланысты, жаңа бірегейлікті іздестірумен бірге ілесіп отырады. Қазақстан және бүкіл әлем қазіргі кезде, орыстың ұлттық ерегілеріндегі батыр сияқты, таңдау алдында тұр. А. Цуладзенің атап көрсетуінше, «оның алдында дамудың үш мүмкін альтернативі ашылады. Бірінші жол – батыс қоғамына интеграция. Екінші жол - өз күшіне сүйену, батыстан жекелену. Үшінші жол – империяның өркендеуі, Батысқа қарсы тұру».

Батыспен бірігу экономиканың модернизациясын, тәртіп сақтау орындарының және т.б. күшейуін ғана білдірмейді, сонымен қатар тағы да бір құндылықтың сыңуын білдіреді. Ұран «Еропадағыдай өмір сүру», европалық құндылықты өлшемдерін қабылдамай іске асыру мүмкін емес. Бұл жобаны іске асыру, демократиялық институттарды орнықтыру бойынша реформаларды жүргізу, жаңа хорезматикалық фигураларды және демократияны жаңаландыруды талап етеді. Мұның барлығы қазіргі таңдағы Қазақстан үшін мүмкіндігі аз. Қазақстандағы мұндай бетбұрыс үшін мифологиялық негіз жоқ. Діни мифология – барлық адамдар тең, барлық адам бауыр, барлығы Құдай алдында тең және т.б. – кейбір өлшем бойынша осы қызметті орындауда. Алайда, қазақстанда мұсылмандық және христиандықтың қайта жаңғыруы әлсіз. «Европадағыдай өмір сүру үшін» өзімізді «қайта жасап» Батыспен теңестіру қажет. Қазақстан бұған дайын емес.

Дегенмен, жаһандану үрдісіндегі жаңа бірегейлікті іздеу экономикада болсын, әлеуметтік-мәдени саласында тоқтаусыз болып табылады. Жаһандану барлық қарама-қайшылығында, өзіндік өркениеттік болмысын білдіретін, тарихтың әмбебаптық мәнін көрсететін, «өстік уақыт» (К. Ясперс) дәуірінің жаңа айналымында қайталайтын секілді. Жаһандану – бұл адамдармен жасалған заманауи өркениеттегі өткір қайшылық кезеңіндегі әлемдік бірлестіктің, «жер бетіндегі» әлем бірлігі мен тұтастығы үшін адамзат пен адамның коллективті

жауапкершілік идеясының витальды күшін мен авторитетін қалпына келтіру, кейпін көрсету ниетін байқаймыз. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры екендігі және осы пікір өзінің қаншалықты нақтылығын бұл күнде әбден дәлелденді. Еліміздің де ақпарат ағымында бірге қалқып бара жатқанына көп уақыт өтпесе де, бұл күнде әр үйдің төрінен компьютердің қоныс тебуі, қазақ халқының жаңа бірегейлікті іздеу және қалыптасу үстінде екенін көреміз.

1. Титаренко А.И. «Антиидеи». Опыт социально-этического анализа. М., Политиздат, 1976. 399 с. - 202-203.

2. Проблемы глобализации и идентичности: Учебное пособие. Г. Бейсенова. Алматы, 2009. Print-S., - с 127.

3. Кириллова Н. Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну. – М.: Академический Проект, 2005. – С. 7.

4. Бжезинский З. Соединенные Штаты превыше всего // Независимая газета. 1999, 24 ноября.

5. Сорос Дж. Новый взгляд на открытое общество. – М., 1997. – С. 14-15.

В данной статье выявляется сущность и место медиакультуры как феномена социальной действительности. Рассматриваются ее социальные функции, а также дается анализ медиакультурным концепциям Н. Б. Кирилловой.

This article reveals of between mediaculture of social function. And also is given analysis to mediaculture's concept to N. Kirilova.

А.Н. Шаңбаева

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРАҚАТЫНАСЫ

Адамзат тарихының күретаыры – мәдениет, ал мәдениеттің күретаыры адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген ұлттық құндылықтар болып табылады. Бұл – бәрімізге белгілі ақиқат. Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті.

Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен мақтанады. Елімізге келген шетелдіктер киелі қазақ жері мен елінің қасиетін осындай ұлттық нақышта жасалған дүниелеріміз арқылы танып-білуі қажет. Ол үшін өркениеттілікке ұмтылған, әлемді «жаһандық» билеген мына заманда қазақтың ұлттық бедерін айшықтап көрсетуіміз керек.

Мәдениет – халықтың ғасырлар бойы тамтұмдап жиналған рухани қазынасының төл басы, құтты тұяғы, ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Халық даналығының мерей-мақтанышы – мәдениеттің мыңдаған жылдық тарихы, бел-белестері, қалыптасу кезеңдері бар. Оларды талдап, танып түсіну үшін алдымен ұлттық мәдениет дегеніміз не, оны анықтап алу керек.

Ұлттық мәдениет халықтың ұзақ жылдар ішіндегі сұрыпталып жинақталған асыл да ардақты қазынасын құрайтын рухани игілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, таным-сенім, саналылық танытатын көзқарастар жүйесі, әлеуметтік

топтың, ұлттың, халықтың өмірдегі бет-бейнесі, зиялылығы, біліктілігі, басқа бір ұлттан, халықтан, нәсілден ерекшелендіріп көрсететін, айырып ажырататын тыныс-тіршілігінің, ғұмыр нәрінің бұлағы. Ол әдебиетті, өнерді, адамның шығармашылдығын, көркемдік, эстетикалық талғамдарын қалыптастырып дамытатын рухани өмірдің барлық салаларын қамтиды.

Қазақ ұлтының мәдениеті – оның ұлттық тарихының өнімді өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы. Сондықтан оны игеру, өз алдына ғылым ретінде танып, оқып үйрену қазақтың дейтін әрбір адамның азаматтық парызы, қасиетті борышы, тұрмыс-тіршілігінің таусылмас талабы, қажеттілігі. Рухани мәдениеттің тууы, өмірге келуі, дамып, сабақтастық тауып-сақталуы, сонымен бірге жалпы халықтық сипат алып, бүкіл бір этносты қорымды қамтып, кеңінен таралуы оның біртұтас бөлінбейтін құбылыс екенін аңғартады. Осы құбылыстың қайнар бастауына көз жіберсек қазақ халқының ертеде қалыптасқан үлгі-өнегесі, өрнегі мол өркениетті, ежелгі мәдениеті болғанын айқындайтын мағұлмат деректердің көп екендігін байқаймыз. Оларды адамзаттың алғашқы мекендерінің бірі болған қазақ даласындағы қазба жұмыстарының нәтижесінде археологтарымыз аз таппаған. Алғашқы қауымдық құрылыстың толық сипаттамасын берген олар осы алып даланың төсінде үлкен мәдениеттің ошағы, өнер-білім ордасы болған самғаған қалалардың өмір сүргенін де солардың деректемелері арқылы білуге болады.